

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Н.Бозжанов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі
шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесі

№ 97 Бұйрық

05 қаңтар 2024 жыл

Құйған ауылы

«Мектепшілік өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру мақсатында
комиссия мүшелерін құру» туралы

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес « 2024 жылы бармай профилактикалық бақылауға жататын Алматы облысының білім беру ұйымдары тізбесін бекіту туралы» Алматы облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 10 қарашадағы №839-ө бұйрығына сүйене отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін комиссия төмендегі құрамда бекітілсін:
 1. Г.А. Аманжолова - комиссия төрағасы, мектеп басшысы
 2. Б.Ш. Абдымомынова –комиссия мүшесі, ДОІЖО
 3. Ж.Н. Сарбасова –комиссия мүшесі, ДТІЖО
 4. Р.С. Абылхапова – комиссия мүшесі, әлеуметтік педагогы
 5. Б.Б. Аманжолова –комиссия мүшесі, кәсіподақ комитетінің төрайымы
 6. А.С. Аралтай –комиссия мүшесі, информатика пәнінің мұғалімі
 7. Н.А. Чайзадина– комиссия мүшесі, мектеп кітапханашысы
 8. В.А. Ким – комиссия мүшесі, шаруашылық жөніндегі орынбасары
 9. А.А. Азамат – комиссия хатшысы, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
2. Көрсетілген комиссия мүшелері қорытындыны мазмұнына сай әзірлеп, жұмыстар жүйелі атқарылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын және жинақ материалдарының толық өткізілуін қадағалауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ш. Абдымомыноваға міндеттелінсін.

Мектеп директоры



Г.А.Аманжолова

«Н.Бозжанов атындағы орта мектебі МДШО» МКМ

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Болған күні- 5 қаңтар 2024 ж

Қатысқандар – мектеп ұжымы 33 мұғалім, 4 тәрбиеші

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес «2024 жылы бармай профилактикалық бақылауға жататын Алматы облысының білім беру ұйымдары тізбесін бекіту туралы» Алматы облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 10 қарашадағы №839-ө бұйрығымен таныстыру, жұмыс тобын құру.
(Мектеп директоры Аманжолова Г.А.)

Мектеп директоры Аманжолова Г.А. күн тәртібімен таныстырып, Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес «2024 жылы бармай профилактикалық бақылауға жататын Алматы облысының білім беру ұйымдары тізбесін бекіту туралы» Алматы облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 10 қарашадағы №839-ө бұйрығымен таныстырды.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай тәсілді мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында комиссия құрамы сайланды. Өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша тапсырмаларды комиссия мүшелері арасында бөлді.

Оқу ісі орынбасары Абдымомынова Б.Ш. мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша іс-шаралар жоспарымен таныстырды: Мектептің жылдық оқу жоспары, МЖМБС стандарт талаптарымен айқындалған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін зерделеу, оқу жоспары мен сабақ кестелерінің стандартқа сәйкестігін Күнделік электронды журналы арқылы бақылау, сәйкестендіру, көшірмесін жасау, білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыазаматтық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша жұмыстарына тоқталды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1.1 Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін комиссия төмендегі құрамда бекітілсін:

Аманжолова Г.А.- мектеп директоры, комиссия төрайымы;

Абдымомынова Б.Ш. - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Сарбасова Ж.Н. - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Абылхапова Р.С - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

Аманжолова Б.Б -кәсіподақ комитетінің төрайымы, комиссия мүшесі;

Аралтай А.-информатика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

Чайзадина Н. - кітапханашы, комиссия мүшесі;

Ким В.А. - шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Азамат А:А. –хатшы,қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі.

Мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша іс-шаралар жоспары жасалсын.

1.2 Бағалау өлшемшарттарының бөлімдері бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша оқу-білім беру процесінің талдауы мен өзін өзі бағалау жұмысын сапалы орындау комиссия мүшелеріне жүктелсін.

1.3 Мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.

1.4 Мектептің өзін өзі бағалаудың қорытынды есептерін жинақтап, білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің белгіленген мерзіміне дейін мектептің ресми интернет-ресурсы сайтына орналастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Абдымомуноваға және тәрбие ісінің орынбасары Ж.Сарбасоваға жүктелсін.

Мектеп директоры
Хатшы

Аманжолова Г.А.
Азамат А.

